

## Жаз мерзімінде облыс су айдындарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облысы әкімінің шешімі 2002 жылғы 31 мамыр N№437. Атырау облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 25 маусымда N 1016 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімінің 2009.03.30 N 15 шешімімен.

*Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімінің 2009.03.30 N 15 шешімімен.*

Қазақстан Республикасының "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Z960019\_ Заңы мен облыстық мәслихаттың 1998 жылғы 14 маусымындағы N 249-1 "Атырау облысының су айдындарында азаматтардың қауіпсіздігін сақтаудағы міндетті ереже туралы" шешімін жүзеге асыру, сонымен қатар жаз мезгілінде облыстық су айдындарында адамдар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында шешім етемін:

#### 1. Қала мен аудандар әкімдері:

1) суға шомылу маусымы кезінде облыстың барлық су айдындарын есепке а л с ы н ;

2) демалыс аймақтары мен базалары және басқа да су нысандары бар барлық меншік түрі кәсіпорындарымен және ұйымдармен құтқару бекеттерін ұйымдастыру бойынша Қазақстан Республикасының 5 шілдедегі 1996 жылғы N 19-1 санды "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Заңының 5 бабының орындалуын қамтамасыз етсін;

3) өзендер мен жағалау алқабын көркейту және су айдындарының түбін тазалау жұмыстарын жүргізсін.

#### 2. Облыстық судан құтқару қызметі (Қойшыбаев Б.) :

1) жазғы маусымда құтқару стансаларының жеке құрамы мен іздестіру топтарын нығайту шараларын алсын;

2) меншік түріне және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан кәсіпорындар мен ұйымдардағы барлық қолданыстағы жүзу құралдары және сүңгуірлер санының есебін жүргізсін;

3) облыс су тоғандарындағы төтенше жағдайлардан сақтандырудың алдын-алу жұмыстарын ұйымдастырсын.

3. Облыстық ішкі істер басқармасына (Хайдар Қ.) Солтүстік-Каспий аймақтық биоресурстар қорғау жөніндегі басқармасымен (Ақботин А.) бірлесіп, бақытсыздық жағдайларды болдырмау мақсатында суға шомылу кезінде облыс

су айдындарында, оның ішінде Каспий теңізінің жағалауында күзетті күшейту  
т а п с ы р ы л с ы н .

4. Білім басқармасы (Қ.Қайненов) мектеп пен оқу орындары оқушылары арасында жаз мезгілінде су қоймаларында қауіпсіздік шараларын сақтау жұмыстарын ұйымдастыру міндеттелсін. 5. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық төтенше жағдай басқармасының бастығы Ғ.Жұмағалиевқа жүктелсін.

Облыс әкімі